



Автор: Сабитова Асия Азирхановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып


Бөлім: Менің Отаным-Қазақстан

Тақырып: Қазақстан-бірлігі жарасқан ел

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.3.1 тыңдалған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру. 4.2.1.1 - берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: • Тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап беру және сөйлеу барысында қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді қолданады. • Оқушылардың көпшілігі орындай алады: байланысын жәненегізгі ойды анықтау • Тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның мазмұнын түсінеді, түйінді тұстарын анықтау мақсатында кластер толтырып, сөйлеу барысында қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді қолданады. Кейбір оқушылар орындай алады: • Тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның мазмұнын түсінеді анықтау мақсатында кесте толтырып, сөйлеу барысында қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді қолданады, өмірмен байланыстырады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қояды, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, қажетті мәліметтерді таба алады, қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табады.
Бағалау критерийлері:	Бағалау критерийі Дескрипторлар Бейне таспада(видео) тыңдалған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Ұлт өкілдері достығы тақырыбына сай мақал-мәтел айтады. Түйінді тұстарды анықтау арқылы, қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табады және сөйлеу барысында қолданады 1.Ақпараттың мазмұнын тыңдайды. 2.Бейне таспаның мазмұнын тыңдау арқылы меңгереді, қабылдайды. 2.Тақырып аясында қойылған сұрақтарға жауап береді. 1.Тақырыпты сұрақтарға жауап беру арқылы меңгереді. 2.Мақал-мәтел айтады. 3. Өз сөзімен түсіндіреді. 4. Өмірмен байланыстырады. 1.Түйінді тұстарды «Бес сұрақ» әдісі арқылы талдай отыра анықтайды. 2. Қарама-қарсы мағыналас, мағыналас сөздерді табады. 3.Кластер құрастырады. 4.Кесте толтырады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	Тарих
Бастапқы білім:	«Желбіресін көк туым!» expert.mekterp.kz сілтемесі тақырыбы бойынша тірек сөздерді қолдану арқылы өткен тақырыпқа шолу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (2 минут)	«Психологиялық ахуал» «Шаттық шеңбері»	Топ аттары жазылған үлестірмелі парақшалар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (35 минут)	«Серпінді сұрақ» әдісі (доп) үй тапсырысын оқушыларға кезекпен доп лақтыру арқылы «Желбіресін көк туым!» тақырыбы аясында сұрақ қойылады. Мысалы: 1.ҚР туының түсі қандай? 2.Тудың ортасында не орналасқан? 3.Қыран құс нені білдіреді? Визуалды көмек.  Image not found or type unknown «Болжау» әдісін қолдану арқылы ой қозғау.Интербелсенді тақта арқылы сурет (https://yandex.kz/images/ сілтемесінен алынған) көрсетіледі.Сабақтың тақырыбын ашу мақсатымен келесі сұрақтар қойылады: 1.Балалар біз қай мемлекеттің туын көріп тұрмыз? 2.Көк тудың астында бірнеше ұлт өкілдері не себепті бейнеленген? 3. Ұлт өкілдерінің татулығы неге апарады? 4. Бейбітшілік кілті неде деп ойлайсыздар? 5. Ел бірлігі, ұлт достығы дегенді қалай түсінесіз? «Қазақстан-бірлігі жарасқан ел» тақырыбында шағын видео көрсететіліп, ой шақыру сұрақтарын қояды: -Біздің Отанымыз қалай аталады? -Отан деген сөзді қалай түсінесіздер? -Қазақстан қандай мемлекет? -ҚР астанасы қай қала? -Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады? -Ел бірлігі, ұлт достығы дегенді қалай түсінесіз? -Адам бойындағы жақсы қасиеттерді атаңыз. -Адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді атап шығыңыз. -Достықта ең маңыздысы не деп ойлайсыз? Кері байланыс: «Қазақстан-бірлігі жарасқан ел» тақырыбын «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы кері байланыс бере отыра қортамын. Өзара бағалау тәсілі ретінде қолданамын.«Екі жұлдыз, біртілек» кері байланысы арқылы оқушылар сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын қысқаша жазады. «Бес сұрақ» әдісі бойынша оқушылар алған ақпараттарын басқарады, түйінді тұстарын анықтайды.Оқушыларға «Қалай» немесе «Неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады.Оқушылар «Бес сұрақ» әдісін қолданып, ақпарат жинақтауға, мәселені терең зерделеуге, өз ойларын жеткізе білуге мүмкіндік алады. Бұл әдіс арқылы тақырып аясында берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналас, мағыналас сөздерді тауып және сөйлеу барысында қолдана отыра өмірмен байланыстырады. Өз ойларын өрбітеді, талдайды. Кері байланыс: Сұрақ-жауап әдісі арқылы іске асырылады. -адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді айқындаңыз. -ұлт өкілдерінің достығы дегеніміз не? -ұлт өкілдерінің достығы- бірнеше ұлттардың татулығы. -дос сөзінің мағыналас сөзі қандай? -жолдас. «Достық» Саралап оқыту. Көрсетілген видео бойынша деңгейлік тапсырмалар беріледі: 1.Бейне таспада (видео) көрсетілген ақпарат бойынша ой тұжырымдап,өзара пікір алмасу; 2-деңгей: Ұлт достығы тақырыбына байланысты мақал-мәтел айту,кластер құрастыру. 3-деңгей: Тақырыптың түйінді тұстарды анықтай отыра қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді тауып және сөйлеу барысында қолдану, өмірмен байланыстыру. «Тақтадағы граффити» әдісін қолдану арқылы, оқушылар тақырып байынша өздерінің ойларын, идеяларын және ұсыныстарын жазу ұсынылады.«БББ» тұжырымдамасы арқылы өз үлестерін қосады, олар осы сұрақ туралы не ойлайды, не «біледі», нені «білгісі келеді» және тақырыпты талқылау қорытындысында олар нені «білгендігі» сұралады.айқындалады. Кесте толтырылады. Білемін Білгім келеді Білдім . Бағалау критерийі Дескрипторлар Бейне таспада(видео) тыңдалған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Ұлт өкілдері достығы тақырыбына сай мақал-мәтел айтады. Түйінді тұстарды анықтау арқылы, қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табады және сөйлеу барысында қолданады 1.Ақпараттың мазмұнын тыңдайды. 2.Бейне таспаның мазмұнын тыңдау арқылы меңгереді, қабылдайды. 2.Тақырып аясында қойылған сұрақтарға жауап береді. 1.Тақырыпты сұрақтарға жауап беру арқылы меңгереді. 2.Мақал-мәтел айтады. 3. Өз сөзімен түсіндіреді. 4. Өмірмен байланыстырады. 1.Түйінді тұстарды « Бес сұрақ» әдісі арқылы талдай отыра анықтайды. 2. Қарама-қарсы мағыналас, мағыналас сөздерді табады. 3.Кластер құрастырады. 4.Кесте толтырады. Кері байланыс: «Қазақстан-бірлігі жарасқан ел» тақырыбын «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісіне сай қорытындылаймын. Өзара бағалау тәсілі ретінде қолданамын.«Екі жұлдыз, бір тілек» кері байланысы арқылы оқушылар сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын қысқаша жазады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (3 минут)	Рефлексия: Оқушылар мына нысанда ой бөліседі. 5e54b5665d18c.png Image not found or type unknown	